

**Ертіс ауданы Ертіс ауылы, Панфилов, Қоскөл, Сілеті және Амангелді  
ауылдық округтері әкімдігіне кандидаттарды тіркеу  
қорытындысы туралы**

2021 жылғы 14 шілдеде Ертіс аудандық аумақтық сайлау комиссиясының отырысы өтті, «2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалған Ертіс ауданы Ертіс ауылы, Панфилов, Қоскөл, Сілеті және Амангелді ауылдық округтері әкімдігіне кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы» қаулы қабылданды.

Отырыста комиссия төрағасы Г. С. Сыздықова 2021 жылғы 14 шілдеде сағат 18-00-дегі жағдай бойынша ұсынылған 20 кандидаттың 17 тіркелгені туралы хабарлады. Екі қандаидат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді, бір кандидат өзінің кандидатурасын отбасы жағдайлары бойынша алып тастау туралы өтініш жазды.

Олардың ішінде 5 (29%) -әйел, 12 (71%) - ер адам. Үміткерлердің орташа жасы-41 жас. Ең үлкен кандидат – 61 жаста, ең жас – 25 жаста.

Мамандықтар бойынша кандидаттар: 6-мұғалім, 2-инженер, 4-экономист, 1 - журналист, 3-заңгер, 1-мемлекеттік және жергілікті басқару.

Кандидаттар арасында: 1 – коммерциялық құрылымдардың өкілі, 5 – мемлекеттік ұйымдардың қызметкері, 6 – мемлекеттік қызметкерлері, 4-ауыл және ауылдық округ әкімдері, 1 – басқа мамандары.

14 шілде күні сағат 18-00-ден бастап Ертіс ауылы, Панфилов, Қоскөл, Сілеті және Амангелді ауылдық округтері әкіміне тіркелген барлық кандидаттар 2021 жылғы 24 шілде күні сағат 00:00-ге дейін жалғасатын сайлау алдындағы үгітті бастауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы «Кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарына шығуы үшін қаражат бөлу қағидалары мен көлемдерін бекіту туралы» № 12/202 қаулысына сәйкес, кандидаттарға БАҚ-тарда өздерінің бағдарламаларымен шығуы үшін: теледидардан - 15 минут; радиодан - 10 минут; мерзімді баспасөз басылымдарында немесе желілік басылымдарда 0,1 баспа табақтан аспайтын көлемде екі мақала жариялауы үшін қаражат бөлінуі қарастырылған. Барлық кандидаттарға үгіттік жұмысты жүргізу үшін заңнамамен тең шарттарға кепілдік беріледі.

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы( кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
<b>Ертіс ауылы</b>		
Алкенов Даулет Таймысович	1971	«Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ әкімі, Ертіс а.

Қанатов Қанатұлы	Ринат	1984	«Ертіс ауданының жер қатынастар бөлімі» бас маманы, Ертіс а.
Муқанов Кушкенович	Казыбек	1960	Персоналды басқару қызметінің басшысы және ШЖҚ "Ертіс аудандық ауруханасы" КМК бас дәрігерінің орынбасары, Ертіс а.
Мусин Киюбаевич	Даурен	1982	Павлодар облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» КЕ АҚ МК филиалының «Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі Ертіс аудандық бөлімшесі» басшысы, Ертіс а.
<b>Амангелді ауылдық округі</b>			
Айтышев Ержан Сарсенбаевич		1987	«Ертіс ауданының қаржы бөлімі» ММ, сектор меңгерушісі, Ертіс а.
Балжанов Сагитжанович	Айбек	1989	«№2 Ертіс ЖОББМ» КММ, мұғалім, Ертіс а.
Солтанахметов Токтабаевич	Арман	1988	«Ертіс ауданы әкімінің аппараты» ММ, әкімінің кеңесшісі, Ертіс а.
<b>Қоскөл ауылдық округі</b>			
Кажыхатов Габдуллинович	Бауржан	1975	«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкімі Қоскөл а.
Каримова Амангельдиновна	Дарига	1975	«Ертіс ауданы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік құқықтық бөлімінің басшысы, Ертіс а.
Майкенова Ерболатовна	Анара	1989	«Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы, Қызылжар а.
<b>Панфилов ауылдық округі</b>			
Карибаев Ислямович	Асылбек	1973	«Панфилов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ әкімі, Тоқта а.
Алтынай Елюбайқызы Демесинова		1981	ЖШС «Ертіс нұры» және «Иртыш» Бірлескен редакция газетінің директоры, Ертіс а.
Асаинова Руфина Абаевна		1980	«Голубовка ауылы әкімінің аппараты» ММ статисті, Голубовка а.
<b>Сілеті ауылдық округі</b>			
Дюсекенов Аканович	Рунар	1995	«Қаракұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы, Қаракұдық а.
Нұртаза Бескемпірқызы	Жансая	1995	«Бірлік НОМ» КММ, мұғалім, Қызылағаш а.
Жусупбаев Хамитович	Сатыбальды	1964	Өзін-өзі жұмыспен қамтушы, Сілеті а.
Кабиболла Жусупбаев	Жактайұлы	1962	«Сілеті ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ әкімі, Сілеті а.